

# *Ақтөбе медициналық көлледжі*



## *Слайд*

Тақырыбы: Өзіне өзі қызымет беру тапшылығы бар науқастарға қызымет көрсету



Орындаған: Ерғазы.Б.Е

Тексерген: Көшербаева.А.С

*Өзіне өзі қызымет беру тапшылығы бар науқастарға  
қызымет көрсету*

*Науқасқа төсек әзірлеу*

*Әзірлеңіз; Керуетті, матрасты, матрастың тысын,  
ақжайманы, көпшікті, сыртында тысы бар көрпе, клеенка,  
зарарсыздандыру ерітіндісі, шүберекті, орамалды.*



## **Алгоритм іс әрекеттері;**

- 1 Қолыңызды жуыңыз, кептіріңіз.**
- 2 Зарарсыздандыру ерітіндісіне батырылған шүберекті алып керуетті арасына 15 минут үзіліс салып 2 рет сүртіңіз.**
- 3 Матрастың тысын кигізіңіз.**
- 4 Оны керуеттің торының үстіне салыңыз да, ұзын бойына клеенка төсеңіз;**
- 5 Оның үстіне ақжайма жайып, жиырылып жиналмасы үшін оны матрастың астына салып бекітіңіз.**
- 6 Көпшікке ақ тыс кигізіңіз.**
- 7 Көрпеге (одеялоға) тысын кигізіңіз.**
- 8 Керуеттің бас жағына орамалды іліңіз.**

# Төсек ауыстыру

*Ауыр халдегі науқастын төсек орнын ауыстырудың 3 түрі бар.*

*1. Егер науқас төсек тәртібінде болып, оған төсекте аударылуына рұқсат болса...*

*2. Егер науқас қатаң төсек тәртібінде болып, қимылдауға болмайтын жағдайда..*



*3. Егер науқас қатаң төсек тәртібінде болып, қимылдауға болмайтын жағдайда..*

*Егер науқас төсек тәртібінде болып, оған төсекте аударылуына рұқсат болса.*

*Әзірлеңіз: Таза ақжайманы, клеенка қапшықты, көпшік тысты.*

- 1. Таза ақжайманы ұзынынан ортасына дейін ораңыз;*
- 2. Науқастың басын ақырын жоғары көтеріп, көпшікті алып, көпшіктің тысын кигізіңіз.*
- 3. Науқасты керуеттің шетіне бір қырына қарай ығыстырыңыз.*
- 4. Кір ақжайманы ұзынынан науқасқа қарай ораңыз.*
- 5. Оның орнына таза ақжайманы төсеп, үстіне науқасты аунатыңыз.*
- 6. керуеттің екінші жағынан кір ақжайманы алып, таза ақжайманы тегістеп жайыңыз.*
- 7. Ақжайманың шетін матрацтың астына бекітіңіз.*
- 8. Лас ақжайманы, көпшік тысқа клеенка қапшыққа салып, кір жуатын орынға апарыңыз.*

## Төсек ауыстыру (1 түрі)




*Егер науқас қатан төсек тәртібінде болып, қимылдауға болмайтын жағдайда.*

*Әзірлеңіз: Таза ақжайманы, клеенка қапшықты, көпшік тысты.*

- 1. Таза ақжайманы көлденеңнен бинт сияқты ортасына дейін ораңыз;*
- 2. Ақырын науқастың кеудесінің бас жағын беліне дейін көтеріңіз.*
- 3. Көпшікті алыңыз.*
- 4. Лас ақжайманы бас және аяқ жағынан белдемеге қарай шапшандап орап керуеттің босаған бөлігіне таза ақжайманы салыңыз.*
- 5. Таза ақжайманы көпшікті қойып, науқастың юас жағын жіберіңіз.*
- 6. Науқастың бөксесін, сосын аяғын көтеріп, лас ақжайманы алып орнына таза ақжайманы төсеңіз, көпшікті қойыңыз.*
- 7. Науқастың бөксесін және аяғын жіберіңіз.*
- 8. Ақжайманың шетін матрацтың астына бекітіңіз.*
- 9. Алдың ала көпшік пен көрпенің тысын ауыстырыңыз.*
- 10. Лас киімді және төсенішті арнайы қапқа салып, кір жуатын жерге алып барыңыз.*



## Төсек ауыстыру(2 түрі)




*Егер науқас қатан төсек тәртібінде болып, қимылдауға болмайтын жағдайда.*

*Әзірлеңіз: Таза ақжайманы, клеенка қапшықты, көпшік тысты.*

*Алгоритм іс әрекеттері :*

- 1. Лас ақжайманы бос және аяқ жағынан белдемеге қарай орап науқастың жамбас сүйегін көтеріп шығарып алыңыз.*
- 2. Таза ақжайманы екі жағынан ортасына дейін ораңыз.*
- 3. Науқастың құйымшақ сүйегінің астына ақырын салыңыз.*
- 4. Бас және аяқ жағынан тегістеп жайыңыз.*
- 5. Ақжайманың шетін матрацтың астына бекітіңіз.*
- 6. Алдын ала көрпе мен көпшіктің тысын ауыстырыңыз.*
- 7. Лас киімді және төсенішті арнайы қапқа салып, кір жуатын жерге алып барыңыз.*



# *Іш киімді ауыстыру*

*Өзірлеңіз:*

*Таза іш киімді, лас киімге арналған клеенка қапшықты.*

*Алгоритм іс әрекеттері;*

*1. Қолыңызды жуып кептіріңіз.*


*2. Науқастың басын ақырын көтеріп, кір киімді желкесіне дейін орап алыңыз.*

*3. Науқастың қолын ыққа дейін көтеріп, басынан көйлекті шешіп, сосын жеңін шешіп алыңыз.*

*4. Таза көйлекті керісінше кигізіңіз: бірінші қолды, сосын басты, кеудесіне кигізіңіз.*

*5. Іш киім ауыстыру кезінде өте ұқыпты абай болыңыз.*

## *Іш киімді ауыстыру әдісі*



## Терінің ойылуы

Терінің ойылуынан алдын ала сақтану шаралары

Әзірлеңіз: дөңгелек үрілген резеңке, көпшік тыс немесе жаялық, орамал, асептикалық ерітінділер, мақта тампоны, дәке, тальк.

Алгоритм іс әрекеттері

1. Әрбір 2 сағат сайын науқасты бірнеше минут қырындатып жатқызу керек.
2. Күн сайын тамақтанып болған соң тамақтың қалдықтарын аурудың алдынан қағып алып тастаңыз.
3. Науқастың төсегінде, киімдерінде денесіне бататын қыртысты болдырма керек.
4. Күніне науқастың терісін 2-3 рет сабынды салқын сумен немесе антисептикалық ерітіндімен сүртіп тұру керек.
5. Құрғақ орамалмен күніне 1 рет науқастың терісін ысқылап тұру қажет.
6. Егер тері қызарса, онда сол жерді перманганаткалий ерітіндісімен тазартып жуу қажет.
7. Қызарған жерге талькті сеп.
8. Науқастың астына үрілген резинканы көпшіктің тысына салып қой.

## Дененің ең жиі ойылатын жерлері

Әдетте жағдайы ауыр, әлсіреген пациенттердің арқасымен жату қалпында денесі ойылады.

Құйымшақ, жауырын аймақтары, шынтақтар, өкшелер, желке тұсы көбінесе ойылады.

Қырымен жатқан науқастарда жамбас, тізе буындары тұсы ойылады.

Дене ойылуына әкелетін негізгі үш әсер

Бірінші әсер: Ол туралы жиі айтылады –Қысым.

Бұл қысым ауыр төсек салмағымен, тығыз байлау-таңу материалдармен, әсіресе қимылсыз отырған пациенттер киімімен, оның ішінде аяқ киімінен де одан сайын өсе түседі.

Екінші әсер: Ол туралы көп айтылмайды- КҮШ.

Жанама күш әсерінентіндердің ыдырауы және механикалық зақымдалуы пайда болады.

Бұл күш тіндердің беткейлі ығысуы не олардың кесілуі салдарынан қалыптасады.

Үшінші әсер: Ол туралы да көп айтылмайды-ол кесуші күштің маңызды бөлігі үйкелу.

Үйкеліс салдарынан терінің мүйізді қабығы салынады, нәтижесінде оның беті жараланады.